*Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысы 9 сынып жылдық есебі.*

*Сынып жетекшісі: Алдажарова Фариза Қанатқызы* ***«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:*** *Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.*

***Міндеттері:***

*1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.*

*2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.*

*3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.*

*4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.*

*5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.*

***Күтілетін нәтиже:***

*1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.*

*2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.*

*4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.*

*5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.*

***Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

***Ұлттық мүдде құндылығы:***

*-Ұлттық мұраға ұқыпты қарау*

*- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;*

*- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;*

*- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;*

***Күтілетін нәтижесі:***

*- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл*

*- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді*

*- Елінің тарихын құрметтейді*

*- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді*

***Ар-ұят құндылығы:***

*- Адал еңбекті құрметтеу;*

*- Сөзіне берік, ісіне адал болу;*

*- Әдеп нормаларын ұстану;*

*- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;*

*- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;*

***Күтілетін нәтижесі:***

*- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;*

*- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;*

*- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;*

*- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;*

*- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;*

***Талап құндылығы:***

*- Жеке және командамен жұмыс істей білу;*

*- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;*

*- Физикалық белсенді болу;*

*- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;*

*- Дұрыс қарым-қатынас орната білу; .*

***Күтілетін нәтижесі:***

*- Жан мен тән тазалығын сақтайды;*

*- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;*

*- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;*

*- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.*

***Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:***

1. *«Оқуға құштар мектеп»*

2. *«Балалар және театр»*
3. *«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)*
4. *«Ұшқыр-ой алаңы»*
5. *«Жеткіншектің жеті жарғысы»*
6. *«Ұлттық мектеп лигасы»*
7. *«Ғаламтор қауіпсіздігі»*
8. *«Төрт тоқсан-төрт өнер»*
9. *«9 ай- 9 іс-шара»*
10. *«Ата-аналар мектебі»*

**ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ**

- *1қыркүйек-Білім күні,сынып сағаттары*
- *5қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған«Тіл тазалығы»тақырыбындағы шаралар*
- *Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі,ақын,ойшыл,ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930жыл*
- *Қазақ әдебиетінің ХХғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі,жазушы,драматург жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80жыл*

**ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ**

- *1қазан –Қарттар күні*
- *5қазан –Мұғалімдер күні*
- *25қазан –Республика күні*
- *Қазақ жазушысы,қоғам қайраткері,Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145жыл*
- *Алаш жұртының әйгілі перзенті,көрнекті қазақ ақындарының бірі,фольклоршы,ғұлама ғалымМәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына165жыл*
- *Ақын,жазушы,философ,тарихшы,композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына165жыл*
- *Қазақтың көрнекті жазушысы,драматург,публицист,қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына135жыл*
- *Алаш қозғалысының қайраткері,ақын,қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл*
- *Қазақ халқының ХХғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы,ақыл-ойшысы,демократ ақыны Торайғыровтың туғанына130жыл*
- *Ақын,жазушы,көрнект імемлекет жән еқоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл*

**ҚАРАША–ПОЭЗИЯ АЙЫ**

- *15қараша-Ұлттық валюта күні*
- *Күзгі демалыс*

**ЖЕЛТОҚСАН–«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»**

- *16-17желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32жылдығы*

**ҚАҢТАР–«ҰЛТТЫҚ КОД» айы**

- *Қысқы демалыс*
- ***АҚПАН–ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ***

**НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы**

- *1наурыз–Алғыс айту күні*
- *8наурыз–Халықаралық әйелдер күні*
- *21, 22, 23 наурыз–Наурыз мейрамы*
- *27наурыз –Дүниежүзілік театр күні*

**СӘУІР–ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы**

- *12сәуір -Ғылым күні*

***МАМЫР–БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ***

- *1мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні*
- *7мамыр-Отан қорғаушылар күні*
- *Жеңіс күні*

*9-сыныпта екі оқушы.Оның ішінде 2 ұл бала.Бахтыбаев Али,Жимбеков Султан Санатұлы.Тәртібі жақсы.Оқу үлгерімі жақсы.Мектептегі іс-шараларға белсене қатысады.*

*Сыныптағы сынып жұмысын ұйымдастыру үрдісінде сынып жетекшісі келесі міндеттерді жүзеге асырады: • оқушыны жеке зерттеуді; • білім беру үрдісіндегі және сыныптағы қарым-қатынасты талдау, үйлестіру мен түзетуді; • сынып оқушыларымен жұмыс істейтін педагогтардың білім берудегі жұмыстарын үйлестіру; • сынып ұжымындағы өмір тіршілігінің және сыныптың іс-шараларын, сынып сағаттарын, ақпараттық минуттар мен пікірлесулерді, ұжымның шығармашылық жұмыстарын, байқауларды жоспарлау, дайындау, өткізу және қорытындысын жасауды ұйымдастыру; • оқушыларды әлеуметтік қорғау; • оқушылардың ата-анасымен жұмыс; • сыныптағы оқушылардың өзін-өзі басқару қызметін педагогикалық тұрғыда қамтамасыз ету; • оқушылардың күнделігі мен мен сынып журналын жүргізуді ұйымдастыру. Сынып жетекшісі өз міндетін жүзеге асыру барысында А) оқу жылының басында: • сынып тізімін жасайды және сынып журналы мен тәртіп дәптерін толтырады; • мектеп кітапханасынан оқулықты алуды ұйымдастырады; • оқушылардың отбасындағы тәрбиесімен танысады; • сыныптың әлеуметтік паспортын жасайды; • сынып оқушыларының қосымша білім мекемелеріне қатысуы туралы толық ақпарат жасайды; • оқушылардың бейімділігін дамыту мақсатында оларды әртүрлі қызметке, шараларға тарту жұмысын жүргізеді; • сынып өмірінің қызметін ұжымдық жоспарлауын ұйымдастырады; • сынып жетекшілерінің ӘБ жетекшісімен келісе отырып, сынып жұмысының тәрбие жоспарын жасап, тәрбие жөніндегі мектеп директорының орынбасарына бекітуге тапсырады. Ә) күнделікті: • оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуын бақылауды жүзеге асырады; • сыныптағы оқушылардың өзін-өзі басқару органына педагогикалық көмек көрсетуді жүзеге асырады; • оқушылардың сырт пішінін бақылауды жүзеге асырады; • іс-шаралар өткізу кезіндегі сынып оқушыларының тәртіп мәдениетін бақылауды жүзеге асырады; • асханада оқушылардың ыстық тамақпен тамақтануын бақылауды жүзеге асырады; • оқушылардың үзіліс кезіндегі тәртібін қадағалайды; • оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау дәптерін толтырады. Б) әр аптада: • оқушылар күнделігін тексереді; • пән мұғалімдерінің сынып журналын толтыруын қадағалайды; • сынып сағатын және жарты сағаттық ақпарат және пікірлесуді жүргізеді; • сыныптарға бөлінген жер үлескілерінің тазалығын бақылауды жүзеге асырады. Г) ай сайын: • мектеп жұмыстарына сынып ұжымының қатысуын ұйымдастырады; • жол жүру ережелері, құқықтық жалпыға міндетті оқу туралы сабақтар, өмір мен техника қауіпсіздігі бойынша жоспарланған нұсқаулықтар өткізеді; • мектеп жоспарына сәйкес жалпы мектептік кештерде және басқа да іс-шараларда кезекшілік атқарады; • ерекше педагогикалық қадағалауды қажет ететін өз сынып оқушыларының үйірме, секция, клуб т.б. бірлестіктерге қатысуын бақылайды. Тоқсан аралығында: • оқушылардың денсаулығын қорғау бойынша медицина қызметкерлерінің ұсынысын орындауды ұйымдастырады; • сынып жетекшілердің ӘБ-не, семинарларға, тәрбие жұмысы жөніндегі жиналыстарға қатысады; • ата-ана жиналысын өткізеді; • педагогикалық консилиум өткізеді Тоқсан соңында: • оқу-тәрбие жөніндегі мектеп орынбасарына сыныптың үлгірімі туралы есепті және сынып журналын тапсырады.; • оқушылардың каникул кезіндегі бос уақытын ұйымдастырады және ұйымдастыру есебін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына тапсырады. Каникул кезінде: • сынып жетекшілердің ӘБ-ң демалыстағы жұмысына қатысады; • оқушылардың бос уақытындағы іс-әрекеттерін тексереді; • әлеуметтік педагогпен рейдке шығады. Жартыжылдық аяғында: • сыныптың тәрбие жұмысына есеп береді (мәтіндік есеппен қоса фото коллаж тапсырады). Оқу жылының аяғында: • оқу жылындағы сынып жұмысының қорытындысын шығаруды ұйымдастырады; • сыныптың оқу-тәрбие үрдісіне педагогикалық сараптама жасап, оны ТЖЖ мектеп орынбасарына өткізеді: • сынып кабинетін жөндеуді ұйымдастырады; • мектеп кітапханасына оқулықтарды өткізуді ұйымдастырады; • баласының жазғы демалысы туралы ата-анасынан мағлұмат алады. Жоғарыда көрсетілген сынып жетекшісінің қызметтік міндеттерімен келісемін және орындауға міндеттімін. Сынып жетекшісінің қолы:*

*Заманауи құзіреттіліктер қалыптасқан, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген табысты жеке тұлға тәрбиелеу. Тәрбиенің жұмысының мақсаты мен міндеттері Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. Міндеттері: 1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету. 2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету. 3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету. 4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету. 5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету. 6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету. 7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. 8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. СЫНЫП БЕЛСЕНДІЛЕРІНІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ № ТАҚЫРЫБЫ УАҚЫТЫ ЖАУАПТЫ 1 Оқушыларды мектеп ішіндегі қоғамдық жұмыстарға жұмылдыру күнделікті Сынып белсенділері 2 Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау күнделікті Сынып белсенділері Сынып әкімі 3 Сынып тазалығын қадағалау, сынып оқушыларының тазалығын бақылау күнделікті Сынып*

*белсенділері 4 Сынып кабинетіндегі қоғамдық мүліктерге жақсы көзқараспен қарауға шақыру күнделікті Сынып белсенділері 5 Оқушылардың тәрбиелік деңгейін көтеру күнделікті Сынып белсенділері 6 Үлгерімі төмен оқушыларға көмек беру Апта сайын Сынып белсенділері 7 Қиын оқушыларды алға тарту күнделікті Сынып белсенділері 8 Әр тоқсан сайын есеп беру Тоқсан сайын Сынып белсенділері 9 Жыл соңындағы бақылау қорытындысы, нәтижесі Жыл соңы Сынып белсенділері Тәрбие жұмысының басым бағыттары Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие Рухани-адамгершілік тәрбие Ұлттық тәрбие Отбасы тәрбиесі Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты Мақсаттары Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру. Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру. Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру. Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. Бағалау критерийлері - Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға; - ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; - елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; - өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне; - басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына; - өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне; - құқықтық білімге, заңдылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүріс- тұрысына; -заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; - әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту. - мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; - өзінің қасиетіне, арына және парызына; - ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;14 - өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына; - діни құндылықтарға; - ой, сөз және іс бірлігіне; - өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; - ар-ұжданымен орындалған қылықтарға; - түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; - адамдарға риясыз қызмет етуіне; - өз ата-анасына, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру. - этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; - мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; - өз халқының мәдени мұрасына; - қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына; - Қазақстанның этномәдениетіне; - этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту. - этноәлеуметтік рөлдерге; - өз отбасына және ұрпақты жалғастыруға; - адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау. - экологиялық даму саласында мемлекеттік саясатқа, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына; - экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; - «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне; - табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке; - кәсіби білім мен өнімді еңбекке; - нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру- экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға; - еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; - мамандық таңдауына; - үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту - өмір бойы білім алуына; - өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне; - сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне; - зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілетті- лікті меңгеруіне; - пікірталас жүргізу дағдыларына; -жасампаз қызметке; - топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; - ақпараттың түрлі дереккөздеріне; - қажетті ақпарат алу арналары мен іздестіру жолдарына; - өз қызметінің түрлі салаларынан алынған ақпаратқа; - Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне; - Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру; - ақпарат дереккөздерін таңдау және талдау жасау, өздігімен іздестіру жолдары мен тәсілдеріне; - Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; - ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; -жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру. - толеранттылық және ғаламдық пікір; - көпмәдениеттілік және көптілділікті; - мәдениетаралық әрекет; - мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; - қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларын; - қарым-қатынас мәдениетін; - эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; - шығармашылық ой мен қиялға, шығармашылық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту. - денсаулық жағдайының скринингіне; - әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; - теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге; - табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға; - денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез- құлыққа; - өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылық; - қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге; - денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және дая*рлық білдіруі.